

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Көз тамшылары инстиляциясы кезінде болатын қолайсыздықтың себебі:

- A) рН 4,5-нан 9,0 – ға дейінгі мәні
- B) тамшы құрамында консерванттың болуы
- C) тамшы құрамында натрий хлориді болуы
- D) тамшы құрамында тұрақтандырғыштардың болуы
- E) ерітіндінің гипертоникалылығы

2. Дәмдік шырын:

- A) қант шырыны
- B) шетен
- C) пертуссин
- D) мия шырыны
- E) итмұрын шырыны

3. Стационарлық қондырғы көмегімен алынатын ингаляция үшін қолданылатын аэрозольдер:

- A) аэрозоль-суспензиялар
- B) аралас жүйелер
- C) медициналық аэрозольдер
- D) аэрозоль-ерітінділер
- E) фармацевтикалық аэрозольдер

4. Өсімдік шикізатын экстракциялаудың статикалық тәсілі:

- A) мацерация
- B) қарсы ағымды экстракция
- C) перколяция
- D) циркуляциялық экстракция
- E) реперколяция

5. Желатинді-глицеринді негізде ериді:

- A) анестезин
- B) стрептоцид
- C) проторгол
- D) дерматол
- E) мырыш оксиді

6. Суппозиторий:

- A) жұмсақ массадан жасалған шар тәрізді дозаланған дәрілік түр
- B) бөлме температурасында қатты, дене температурасында балқитын дене қуысына енгізуге арналған дозаланған дәрілік түр
- C) цилиндр, таяқша тәрізді қатты дәрілік түр
- D) дене температурасында ерігеннен кейін теріге жабысатын сыртқа қолданатын дәрілік түр
- E) майлы негізбен дәрілік затты қосып дайындалатын қатты дәрілік түр

7. Аэрозоль құрамына әсер етуші заттан басқа еріткіштер мен пропелленттер кіреді. Пропеллент ретінде қолданылатын заттар:

- A) пропилогликольмоностеарат, аргон, гелий
- B) линетол, миристин қышқылы, бензокаин
- C) изопропилмирилат, неон, күкірт тотығы
- D) фреон, көміртек оксиді, пропан-бутан
- E) күкіртсутек, сутек, триэтанолламин

8. Тұндырмадағы этанол концентрациясы анықталады:

- A) денсиметр көмегімен
- B) металды спиртомермен
- C) ареометр көмегімен
- D) шыны спиртомермен
- E) ротационды вискозиметрмен

9. Құрамында тұндырмалары бар шырындарға консерванттар қоспау себебі:

- A) консерванттар шырын тұрақтылығына әсер етеді
- B) тұндырмалардағы күшті спирттер микробқа қарсы әсер етеді
- C) консерванттар шырын құрамындағы әсер етуші заттарды зақымдайды
- D) тұндырмалардың күшті спирттер шырындарды тұтқырландырады
- E) консерванттар қант концентрациясын төмендетеді

10. Таблетка алуда дәрілік заттарды алдын-ала түйіршіктейді егер:

- A) дәрілік заттардың табиғи қасиеті таблетканың қажетті беріктігін қамтамасыз етсе
- B) ұнтақ бөлшектері біркелкі өлшемде болса
- C) ұнтақ жеткілікті түрде себілгіш болса
- D) таблеткаға біркелкі формадағы ұнтақ бөлшектері қолданылса
- E) дәрілік заттардың табиғи қасиеті таблетканың қажетті беріктігін қамтамасыз етпесе